



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ АТАНУ ҮШІН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЕРЕКШЕ ЖАНДАНДЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Ұлттық тәрбие мәселесі – Қазақстан егемендігі мен тәуелсіздігінің жемісі. Мұның негізгі мазмұны – жас ұрпақ тәрбиесінде ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жыйған салт-дәстүрін 12 жылдық оқу-тәрбие процесінің барлық салаларына түбегейлі енгізу. Біздің ұлттық құндылықтарымыз – қоғамдық өмірдің кез келген саласын дамытуға қозғау салатын негізгі тірек. Мұндай пікірмен педагогика ғылымдарының және психология ғылымдарының докторы, профессор, академик Құбығұл Жарықбаев «Қазақтың өзіндік ұлттық тәрбие концепциясы, оның жүзеге асырылу жолы» атты тақырыпта жуырда өткен дөңгелек үстел барысында бөлісті. Жалпы ұлттық тәрбие концепциясын жүзеге асыруды назарға алған бұл басқосу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да психология бөлімшесінің ашылғанына 25 жыл толуына орай Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика оқу-зерттеу орталығы мен «Мектептегі психология-Психология в школе» журналы редакциясының ұйымдастыруымен жүзеге асты.



Жалғасы 2-бетте

НҰР ЖАУҒАН КҮН...



«Бүгін біз 80 жылдық тарихы бар білім ордасына дәстүр бойынша 1 курс студенттерін қабылдап отырмыз. Бұл кешегі мектеп оқушыларының студент атанып отырған нұрлы сәті. ҚазҰУ – еліміздің элитасын қанаттандырған құриетті шаңырақ. Сіздер дұрыс таңдау жасадыңыздар. Себебі, мұнда Сіздер бәсекеге қабілетті маман болып шығасыздар! Мен Сіздерге сенемін. Алғашқы қадамдарыңызға сәттілік тілеймін!» – деді ақ тілектің тетігін ағытып, білімгерлерге кеңес бере келген университет ректоры Ғ. Мұтанов.

«Білім бере отырып зерттеп, зерттей отырып

білім береміз» деген қағидаға сүйенетін жетекші университеттің салтанатты шарасында дәстүрлі «Университет белгісін» химия және химиялық технология факультетінің 4 курс студенті Қайрат Кеңес механика-математика факультетінің 1 курс студенті Әйгерім Нысановаға, ал ҚазҰУ-дың «Өнер символын» философия және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты Әлібек Мұхамеджанов география және табиғатты пайдалану факультетінің 1 курс студенті Айым Эрнетқызына ұсынды.

Жалғасы 8-бетте

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ІСКЕРІ ТІЛ»

ҚазҰУ-дың 80 жылдығы қарсаңында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен 23-27 қыркүйек аралығында өткен жалпыуниверситеттік «Тілдер фестивалі» апталығы аясында барлық факультеттерде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау мақсатында «Мемлекеттік тіл - іскери тіл» атты университет қызметкерлері арасында байқау өтті.

Мұнда мамандардың қазақ тілінде іс жүргізу біліктілігі мен тәжірибесіне талдау жасалды. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің сапасын арттыруға, қазақ тілін жетік білетін мамандарға қолдау көрсетуге назар аударылды. Байқауға университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің, Ғылым және инновациялық қызмет, Ақпараттық технологиялар, Өндірістік мәселелер жөніндегі департаменттерінің қызметкерлері қатысты.

Додада әр департаменттің үш қызметкерлерінен құралған топтар қатысушыларды таныстырып өткеннен кейін пікір сайыстырды, терминдер әлеміне бойлады, үй тапсырмасын орындады. Олар қазақ тілін іскери қарым-қатынас тілінде сауатты қолданып, тіл аясының кеңдігін, қазақ тілінің қай салада да өресі биік екендігін байқатып жатты. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша бәйгенің бас жүлдесін Ғылым және инновациялық қызмет департаменті иеленіп, диплом және сыйлықтармен марапатталды. Байқаудың келесі күні «Қазақша сөйлесейік!» акциясымен ұласты. Акция барысында барлық ғимараттардың алдында ҚазҰУ қызметкерлері тілге байланысты мақал-мәтелдерді жатқа айтып, ұйымдастырушылар тарапынан ұлттық тағамдар таратылды.

Ә. ТҰРМАХАНБЕТОВА,
тәрбие жұмысы жөніндегі
департамент қызметкері

БҮГІНГІ САНДА:

В ПОТОКЕ
ИСТОРИИ

3-бет



ЖЕЗ
ҚОҢЫРАУ

7-бет

БҮГІНГІ САНДА:



НҰР
ЖАУҒАН
КҮН...

8-бет

БҮГІНГІ САНДА:



РЕКТОРАТ

2013–2014 оқу жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін сәтті басталды. Көптеген дарынды талапкер таңдауы заманауи сапалы білім беретін еліміздегі жетекші университет – ҚазҰУ-ға түскен. Бұл жайлы кешегі ректорат мәжілісінде 2013 жылғы қабылдау комиссиясының жұмысын қорытындылаған жауапты хатшы Жарылқасын Еркінұлының хабарламасында айтылды.

ТАЛАПКЕР ТАҢДАУЫ – ҚАЗҰУ!

Қабылдау комиссиясының қызу науқаны мамыр-маусым айларынан бастау алатыны белгілі. Жарылқасын Жаппасов алдымен аталмыш комиссияның жұмыс бағыттарымен таныстырды. «ҰБТ, ТКТ өткізуден бастап шығармашылық, магистратура мен PhD-ге арналған тілдік және мамандық бойынша емтихандар, талапкерлерді қабылдау шаралары жүйелі дайындықты талап етті», – деді Еркін Жаппасов. Сондықтан ол келер жылы бұл іске аса тәжірибелі мамандарды тарту керектігін баса айтты.

Биыл университет ҚР білім беру грантының 29%-ыниеленген. Оныңішінде білім беру гранттарын бөлуде физика-техникалық, механика-математикалық,

география және табиғатты пайдалану факультеттері негізіндегі мамандықтарға басымдық берілген. Сәйкесінше аталмыш факультеттерде ең көп студент қабылданды. Одан кейінгі үштікті заң, ЭЖБЖМ, химия және химиялық технология факультеттері бастап тұр. Ал аймақтар бойынша талапкерлердің басым көпшілігі Алматы қаласы, ОҚО, Алматы облысынан келген. Ағымдағы жылы 3500-ге жуық студент қабылданса, оның 500-ден астамын – алтын белгі иегерлері, олимпиада және ғылыми жобалар жеңімпаздары мен ерекше аттестат иегерлері құрап отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

25 қыркүйекте Ақордада Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының үшінші отырысы өтті.

Мемлекеттік хатшы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ғылыми қауымдастық алдына ұлттық тарихи мұраны жаңғырту, елдің тарихын әлемдік тарихи үдерістің бөлігі ретінде тереңірек зерттеу бойынша ауқымды міндетті жүктегендігін баса айтты. Форумда қазақстандық тарихшылар мен мұрағатшылардың жетекші шетелдік мұрағат орталықтарындағы жұмыстарының нәтижелері талданды. Форумға ҚазҰУ профессорлары Ж. Таймағамбетов, Қ. Жұмағұлов, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев қатысты.

Қазақстандық тарихшы ғалымдар Иран, Үндістан, Қытай, Египет, Түркия, Моңғолия, Германия, Ұлыбритания, Өзбекстан, Ресей мемлекеттеріндегі қорларды қарап, қажетті мәліметтерді жинақтаған. Атап өтер болсақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры Қ.Т. Жұмағұлов Германиядан Қазақстанның ежелгі тарихына тікелей қатысы бар латын,

герман мен скандинав тілдеріндегі ғұндардың тарихы бойынша тарихи жәдігерлердің көшірмелерін әкелді.

Отырыста жаңадан құрылған ғылыми-зерттеу құрылымдары бойынша презентация ұсынылды. Атап өтер болсақ, ҚазҰУ базасында «Геоархеология» артефактілерді археологиялық даталау жөніндегі халықаралық ғылыми зертханасы,

«МҰХТАР ӘУЕЗОВТІ ОҚИМЫЗ»

25 қыркүйекте ҚР Ұлттық кітапханасында қазақ әдебиетінің классигі, абайтану саласының негізін қалаушы, аса көрнекті жазушы және ғалым М.О.Әуезовтің туғанына 115 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Мұхтар Әуезовті оқимыз» атты халықаралық акция қорытындыланып, «Олжас кітапханасы» баспа үйі» шығарған «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова» кітабының тұсаукесері, сонымен бірге «Әлем таныған Әуезов» атты академиялық көркемделген кітап көрмесімен танысу өтті.

М.Әуезов Қорының президенті Мұрат Әуезов акцияның маңыздылығына, оның болашақ ұрпақтың рухани дамуына қосар үлесіне тоқталды. Бұл шарада белсенділік танытқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кітапханасына ҚР Ұлттық кітапханасы мен М.Әуезов Қорының атынан Алғыс хат тапсырылды.

Ал жаңа - «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова» кітабында ғылыми зерттеушілер үшін М.О.Әуезовтің өмірі мен қызметіне байланысты бұрын белгісіз мәліметтер беретін мұрағаттық құжаттар,сөйлеген сөздерінің стенограммалары, хаттамалар, ғылыми-педагогикалық қызметі жайлы құжаттар, сонымен қатар бұрын жарияланбаған

жазушыларға жазған хаттары енгізілген.

Өз мәресіне жеткен аталмыш акция 2012 жылдың 21 қыркүйегі мен 2013 жылдың 25 қыркүйегі аралығында жүргізіліп, оған республиканың облыстық әмбебап ғылыми, қалалық, аудандық, ауылдық кітапханалары, оқу орындарының кітапханалары және ТМД елдерінен Санкт-Петербурдағы Ресей Ұлттық кітапханасы, Ресей Мемлекеттік кітапханасы (Мәскеу қ.), Украинаның Ұлттық парламенттік кітапханасы, Беларусь Ұлттық кітапханалары қатысты.

Ш.Б.МҰҚАШЕВА,

Ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу секторының қызметшісі

ТАРИХҚА НАЗАР АУДАРДЫ

Дүниежүзі тарихын зерделеу жөніндегі ғылыми орталық және Орталық Азия дәстүрлі өркениеттерін зерделеу жөніндегі республикалық орталық құрылды.

Отырыс соңы Марат Тәжиннің мемлекеттің тарапынан ғылыми-тарихи қауымдастықтың толыққанды кешенді қызметі үшін барлық жағдайлар жасалатындығы туралы

мәлімдемемен аяқталды. Сондай-ақ, ол «енді ғалымдардың міндеті – қазақ тарихын әлемдік тарихи үдерістің ажырамас бөлігі ретінде көріп, ұғынуға мүмкіндік беретін терең және объективті ғылыми зерттеулер мен байыпты талдаулар жүргізу», - деп тарихшылардың кейінгі жұмысын бағдарлады.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Жалғасы. Басы 1- бетте

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ АТАНУ ҮШІН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЕРЕКШЕ ЖАНДАНДЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Дөңгелек үстелді жүргізген Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика оқу-зерттеу орталығының директоры, академик Құбығұл Жарықбаев қазақтың өзіндік ұлттық тәрбие концепциясының мазмұнын білдіретін негізгі бағыттар мен проблемаларды үш бөлікке бөліп қарастырды. Айтарболсақ, концепцияның көтерген негізгі мәселесінің алғашқысы – «Үш тұғырлы» тіл мәселесі, екіншісі – 12 жылдық оқытудың 3 сатысының мемлекеттік тілде жүргізілуі, оқытудың үш сатылы болуға тиістілігі болса, ал PhD диссертациясының ұлттық тәлім-тәрбие аясында болуы концепцияның маңызды үшінші бағытына сай келеді. Академик бұл айтылған бағыттар арқылы мемлекет тарапынан қолға алынған мәселелерде ұлттық тәрбиенің үлесі басым болуына назар аударылса дейді. Ол ұлттық тәрбиенің ұлт үшін жүгі ауыр екенін осылайша бір атап өтті.

Келелі мәселелер көтерілген жиынға арнайы келген ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, белгілі алаштанушы Мәмбет Қойгелді «Ұлттық тарих және ұлттық психология» атты баяндамасында: «Кәсіби тарихшылардың тарихы – кеңестік дәуірде қалыптасты. Тарихқа: тарих факультеттері, ғылыми-зерттеу орталықтары, ғылыми журналдар және т.б. құрылымдар кеңестік дәуірде келді. Бес томдық «Қазақстан тарихы» Мемлекеттік сыйлық алды. Бірақ, бұл тарих идеологиялық КПСС-тің жазылу үстемдігінде құрылды. Сол дәуірде еркін ұлт тарихын жазғандардың барлығы да абақтыға отырып шықты. Кеңестік заманда «Қазақстан тарихы» төрт рет

талқыланды. Бірде-бір республиканың тарихы бұлайша талқылауға түскен емес. Грузияның да, Балтық жағалауы елдерінің де, Өзбекстанның да тарихы мұндай талқыдан өткен емес», – деп өзінің алаңдайтын мәселесін тілге тиек етті.

Ал, Ресей Табиғаттану ғылыми академиясының бионанотехнолог академиясы, ҚР ҰҒА академигі Жарқынбек Байғазы дөңгелек үстелде: «Қазақ мәселесіндегі ҚОР-ҚҰТ және ұлттық тәрбие» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада академик Ж.Байғазы: «Бізде ҚОР бар, сол ҚОР-ға ҚҰТ болмай отыр. Біздің әдебиет дерек емес. Біз ғылымда дерек сөйлетуіміз керек. Ғылыммен алып қарасақ, Қазақстан үлкен радиациялы жерде орналасқан. Тіпті, Байқоңырдан зымыран ұшады деп айтамыз, шындығында, біз өзіміздегі гравитациялық күштің молдығын айта алмай жүрміз. Демек, тылсым дүниенің тынысын біз әлі ұғына алмай келеміз. Ал, ұлттықтандыруды ғылымиландыру өзекті мәселе болмақ», – деп өз ойымен бөлісті. Өз баяндамасын жалғаған Жарқынбек Байғазы: «Бұл өмірде сөз құбыла береді, біз сол сөзді дерекке, ғылымға айналдыруымыз керек. Біз әдеби тіл саясатынан көшіп, ғылыми сатыға өтуіміз қажет. Ал, ұлттық сана терең білім алып келеді. Терең білім жанкештілікті талап етеді. Мәселен, біздің таңбалы тастар – әлі күнге дейін өзін сөйлетуді күтіп жатқан сансыз мағыналар белгісі. Демек, біздің ҚОР-ымыз бар, ҚҰТЫ-мыз кетіп барады. Егер сіз бұлтартпайтын дерек таппасаңыз, мен ғылымның өзін өсек дер едім. Ал, барлық іске ҮНТА керек. Осы ынта жақсы болса, тарих жақсы жазылады.

Тарих болмай, ғылым болмайды», – деп тереңнен ой қозғады.

Еліміздегі жалғыз ұлттық тәрбие кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Сәуле Иманбаева ұлттық тәрбие (этнопсихология пәні) мен ұлттық психология пәндерінің барлық мектептерде, барлық сыныптарда енгізілу керектігін тілге тиек етті. Бұл өз кезегінде интеллектуалды ұлтты бірге қалыптастыруға негіз болатынын баса айтты. «Қайнар» университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, психология ғылымдарының докторы, профессор Мұқан Перленбетов: «Қазақтың өзі жұмбақ жаратылыс иесі. Әсіресе, қазақ миының ерекшелігі өз алдына бір төбе әңгіме. Қазақ миы сыртқы-ішкі құбылыстарды терең талдап жинақтауға ерекше қабілетті екені тәжірибеде дәлелденіп жүр. Ол ақпарат кеңістігінде болып жатқан барлық құбылыстарды бойға тарта отырып, соны реттеп, таразылап, қорытып, нақты нәтиже жасай алады. Ал, басқа халықтардың мұндай ерекшеліктері байқала қоймайды. Демек, ұлттық тәрбиенің басы да миды дамытудан басталды», – деп ой қорытты. Ал, бастауыш сыныптарға білім берудің халықаралық жай-күйін зерттеп жүрген ҚазҰПУ профессоры Рахметолла Башарұлы білім негізі бастауыш сыныпта қаланатынын алға тартып, мектептегі оқу сатыларына өзгерістер енгізу қажеттігін айтты. Мәселен, бастауышта оқушыларды төрт жыл емес, алты жыл оқытып, баланың таным мүмкіндігін кеңейту, ой-өрісін өсіру мәселесін қозғады. Бұл орайда оқушылар жетінші, сегізінші,

тоғызыншы сыныптарда ол білімін әрмен қарай кеңейтіп жалғастырады-дағы, үшінші сатыда, яғни 10,11,12 сыныптарда оқушылар білімді өте терең жан-жақты ғылыми негізде меңгерумен айналысады.

Сондай-ақ, дөңгелек үстелге жиналған п.ғ.д., ҚазҰУ профессоры Ж. Мұсабеков, ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті институтының докторы, профессор Н. Данаев, зейнеткер-ұстаз К. Нұрмұхаметов, мектеп мұғалімі Г. Мәжитова және тағы басқа қонақтар көкейлерінде жүрген ойларын айтып, баяндама жасады. Сондай-ақ шара барысында ұлттық тәрбие, этнопсихология мамандарын даярлау мәселесі, ұлттық тәрбиеге қажетті оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттердің жағдайы, Білім және ғылым министрлігі жағынан ұлттық тәрбиені қадағалайтын бөлім, сектор ашу мәселесі, ұлттық тәрбиені қалың жұртшылық арасында насихаттау, ата-аналар университеттерінің қажеттілігі, ұлттық тәлім-тәрбие мен этнопсихология пәндерін орыс мектептерінде оқыту мәселесі және қалаларда, аудан орталықтарында білім беру бөлімдерін осы мәселеге орай ресми түрде міндеттеу баса айтылды. Дөңгелек үстел соңында ғалымдар қарастырған мәселелер пысықталып, Білім және ғылым министрлігіне жолдау үшін қарар болып бекітілді.

Мұндай басқосуды еліміздің 2050 жылы Қазақ мемлекеті болып аталуына бастайтын сара жолдың бастапқы баспалдағы деуге болатындай.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚазҰУ-да Васеда университетінің апталығы өтті

Ученые КазНУ им. аль-Фараби активно участвуют в выполнении программы «Народ в потоке истории».
Профессор Ж. ТАЙМАГАМБЕТОВ



В потоке истории

— В июне текущего года на расширенном заседании Межведомственной рабочей группы по изучению национальной истории Казахстана под председательством Государственного секретаря Марата Тажина было принято решение о создании в Казахском национальном университете имени аль-Фараби ряда новых лабораторий и научно-исследовательских центров.

Об их работе в беседе с нашим корреспондентом рассказывает декан факультета истории, археологии и этнологии, директор Международной лаборатории «Геоархеология», член-корреспондент Национальной академии наук, доктор исторических наук, профессор Ж.К.Таймагамбетов.

— Жакен Кожаметович, как решаются задачи, поставленные Межведомственной рабочей группой перед университетом?

— Прежде всего, мне хотелось бы рассказать о работе нашей лаборатории «Геоархеология», соучредителями которой явились координатор международных проектов ЮНЕСКО Ренато Сала из Италии и научный сотрудник Жан Марк Лом из Бельгии.

Основная цель создания лаборатории — использование многообразия методов естественнонаучных дисциплин при изучении и датировке археологических памятников и артефактов на территории Казахстана и Центральной Азии через призму мировой истории, на основе современных методологических парадигм и инструментариев.

Следует отметить, что ранее в КазНУ им. аль-Фараби был открыт единственный на территории СНГ музей палеолита, в фондах которого сосредоточена огромная коллекция каменных артефактов — более 600 тысяч единиц, которые требуют тщательного исследования и подтверждения датировок различными методами естественных наук. Отсюда и вытекают конкретно поставленные задачи, а именно — формирование подходов для разработки методов интерпретации геоархеологических данных и восстановления пространственных характеристик археологических объектов; создание комплекса и программного обеспечения для визуализации, обработки и

интерпретации геоархеологических данных; экспериментальная апробация метода, методики и технологии при исследованиях разновременных памятников, расположенных в различных ландшафтных зонах. В наши задачи входит также разработка рекомендаций по применению естественнонаучных методов в полевых археологических исследованиях, определение ограничений и необходимых условий их эффективного использования и другие вопросы.

Хотелось бы подчеркнуть, что с момента открытия лаборатория зарекомендовала свою жизнеспособность, так как одной из ее задач является проведение полевых исследований и археологических раскопок. В течение месяца в археологической экспедиции КазНУ им. аль-Фараби активное участие принимали ученые антропологи, археологи, палеобиологи, геоморфологи и магистранты из 8 стран мира. В ходе экспедиции по изучению памятников каменного века в Жамбылской области на палеолитической стоянке им. Ч.Валиханова, в Моюнкумах, Алматинской области на стоянке палеолита Майбулак, каньоне Чарын, Ремизовке и других местах взяты многочисленные пробы почв из исследуемых памятников палеолита для определения абсолютных дат, палинологии, палеогеографии, климата и экологии того времени. Такой комплексный подход ученых смежных специальностей при датировке археологических памятников впервые практикуется не только в изучении палеолита Казахстана, но и во всей археологии Центральной Азии. До сих пор все лабораторные исследования и анализы проводились за рубежом, а в скором времени мы будем проводить все исследования в Казахстане в лаборатории «Геоархеология».

В настоящий момент сотрудниками лаборатории поданы заявки в международные организации на получение научных грантов для дальнейших исследований.

— Какие лаборатории и научные центры действуют сегодня в КазНУ им. аль-Фараби?

— В нашем университете открылся Республиканский научно-исследовательский центр «Изучение

традиционных цивилизаций Центральной Азии». Директором Центра назначен известный ученый по изучению истории древнетюркских племен, доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории Казахстана Талас Омарбеков.

Деятельность Центра направлена на разработку научных проблем традиционных цивилизаций Казахстана и Центральной Азии на основе историко-сравнительного анализа и новых методологических подходов в контексте критической переоценки методов познания в мировой историографии. Отсюда и вытекает основная задача — выявить специфические особенности происхождения кочевничества, возникновение и распад формировавшихся в течение тысячелетий ранних и средневековых государственных образований в древнетюркской степи, оказавших важнейшее влияние на этногенез многих народов мира.

Для научной разработки профессорско-преподавательским составом и сотрудниками кафедры уже предложено 17 проектов по различным темам.

— В каких еще направлениях работают ученые университета?

— Следующим научно-исследовательским центром республиканского значения, созданным в нашем вузе, является Центр «Изучение всемирной истории». Руководит им известный ученый, специалист в области всемирной истории доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой всемирной истории историографии и источниковедения, Почетный профессор Геттингенского университета Калкаман Жумагулов.

Этот Центр исследует развитие мировой истории на основе современных методологических парадигм и инструментариев. Поставленная перед Центром задача — определить основные стратегические направления и перспективы развития взаимоотношений стран Запада и Востока в современных условиях глобализации, на основе чего будет предложена траектория развития региональных социально-культурных контактов в истории и на современном этапе.

Кроме того, в КазНУ им. аль-Фараби на кафедре всемирной истории,

историографии и источниковедения под началом профессора К. Жумагулова работает Научно-исследовательский центр «Аттила».

Особо значимой является проблема истории гуннов в Евразии и Европе, имеющая прямое отношение к истории тюркских народов и Казахстана. Помимо войн и миграций, эта история являла собой пример многогранного взаимодействия традиций и культур Востока и Запада, имевшего многочисленные последствия в становлении качественно новой цивилизации при переходе к средним векам. На основе анализа редких, ранее неопубликованных источников, предусматривается сбор, систематизация, анализ и обобщение материалов, начиная с истоков тюркской истории на обширном евразийском пространстве до нынешнего состояния Центральной Азии и Казахстана. Недавно профессор К.Жумагулов вернулся из зарубежной командировки в Германию, где более одного месяца занимался сбором архивных данных по указанной проблеме.

— В августе был открыт сайт «История Казахского ханства». Расскажите, пожалуйста, об этом интернет-ресурсе.

— Сайт создан доктором исторических наук, членом-корреспондентом Национальной академии наук, профессором Б.Б.Карибаевым.

Целью создания интернет-ресурса «История казахского ханства» является представление результатов исследований по истории Казахского ханства XV-XVIII веков в обобщенном виде. Сайт работает как интернет-библиотека, им могут пользоваться все, кто интересуется национальной историей.

В заключении хочу отметить, что ученые-историки КазНУ им. аль-Фараби активно участвуют в реализации программы «Народ в потоке истории». Они проводят конференции и круглые столы, результаты исследований публикуются в научных и периодических изданиях, в этот процесс вовлекаются студенты, их дипломные работы синхронизированы с актуальными темами исторической науки.

— Спасибо за интервью.

Беседовал Д. ДЮСЕБАЕВ

В свет вышла книга «Сағындық Сатыбалдин» из университетской серии «Внегелі өмір»

КОРЕЕВЕДЕНИЕ НА ВСЮ ЖИЗНЬ: ПРОФЕССИЯ КАК ПРИЗВАНИЕ



Наука требует всего человека, без задних мыслей, с готовностью все отдать и в награду получить тяжелый крест фрезного знания.

А. И. Терцен

заведовал кафедрой корееведения факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, занимал должность заместителя декана по научной работе и временно исполняющего обязанности декана факультета востоковедения. Сегодня Г.Н. Ким работает главным научным сотрудником Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан и совмещает научно-аналитическую работу с педагогической деятельностью в КазНУ им. аль-Фараби.

Г.Н. Ким стоит у истоков нового научного направления Казахстана и формирования школы корееведов, руководит научно-исследовательской работой молодых ученых. Под его руководством подготовили и защитили кандидатские и магистерские диссертации более 20 молодых ученых не только Казахстана, но и Южной Кореи, США, Японии, Италии, Чехии.

Международный Центр корееведения является детищем профессора Г.Н. Кима, который он возглавляет с 2003 года. В структуре Центра сформировались несколько секторов: исследования современной Кореи; анализа и прогноза сотрудничества между Республикой Корея и странами Центральной Азии; изучение истории и культуры зарубежных

корейских диаспор. В работе МЦК принимают участие более 30 докторов, кандидатов наук и Ph.D из разных стран, а также преподаватели и студенты университетов. Международный центр корееведения издает журнал «Известия корееведения в Центральной Азии». Всего вышло в свет 20 номеров, общим объемом 300 печатных листов, опубликовано свыше 600 статей, эссе, рецензий, а также лучшие студенческие работы. Кроме журнала, под эгидой МЦК издаются сборники материалов международных семинаров, конференций, а также книги.

Г.Н. Ким является автором учебников и учебных пособий, которые изданы издательством КазНУ им.аль-Фараби. Его учебное пособие «История религий Кореи» вышло на казахском, русском языках и широко используется не только в университетах Казахстана, а также России, Узбекистана, Украины и Белоруссии.

Свою педагогическую деятельность совмещает с активной научно-исследовательской работой. Всего опубликовано в Казахстане и за рубежом более 300 научных печатных трудов, в том числе свыше 20 монографий. Его научные статьи опубликованы в престижных академических журналах США, Японии, Южной Кореи, Великобритании, Германии, Индии, России и других стран. Фундаментальный научный труд в трех томах «История иммиграции корейцев», охватывающий весь мир со второй половины XIX в. до наших дней, издан в Казахстане и Кореи. Первый том был признан правительственной комиссией лучшим научным трудом по истории Кореи из более чем 1200 книг, изданных в Кореи и за рубежом в 2005 году. Переизданный в престижном

академическом издательстве «Пак енса» тиражом 25 тыс. экземпляров, он был разослан во все библиотеки Южной Кореи.

В работе конференции были представлены секции «История, экономика и международные отношения», «Антропология и социология», «Лингвистика и литературоведение». Участниками диалоговой площадки стали более 50 последователей и учеников корееведческой школы профессора Ким Г.Н. С поздравительной речью выступили проректор по научно-инновационной деятельности университета профессор Рамазанов Т.С., Генеральный консул Республики Корея господин Сон Чхи Ын, директор Алматинского корейского Центра просвещения при Посольстве Республики Корея господин Ли Ген Хо, Первый вице-президент Ассоциации корейцев Казахстана Шин Б.С., Президент Научно-технического общества «Кахак» Пак И.Т., а также многие коллеги и ученики профессора Г.Н.Ким. Информационную поддержку праздничному событию оказали казахстанские и южнокорейские СМИ.

Подводя итоги, было признано, что профессор Г.Н. Ким бесспорно является основателем корееведения - нового для суверенного Казахстана востоковедного направления в сфере науки и образования, и флагманом в этом направлении всегда оставался его ALMA MATER – родной КазНУ им.аль-Фараби. Коллектив университета от всей души желает профессору Ким Г.Н. здоровья, семейного благополучия и творческого вдохновения еще на долгие годы. В добрый путь, дорогой Учитель Корееведения!

Ұстаз мерейі асқақтады

26 қыркүйекте философия және саясаттану факультетінде әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры Биекенов Кеңес Үмбетжанұлының 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты ғылыми кеңес өтті. Ғылыми кеңесті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың жолдаған құттықтау сөзімен әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Е. Жаманбалаева ашты.

Ғылыми кеңеске ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Т. Сейдуманов, Қазақстан социологтары ассоциациясының атқарушы директоры З.К. Шаукунова, Еуразия ұлттық университетінің профессоры А.Т. Забиров, т.б. құрметті қонақтар қатысты. Қазақстанда әлеуметтану ғылымының дамуына зор серпіліс берген ғалымның туған күніне республиканың түкпір-түкпірінен әлеуметтану ғылымының мамандары, ұстаздың шәкірттері келіп, жылы лебіздерін білдірді. Философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор А.Р. Масалимова Қазақстанда социология ғылымының институционализациялануына К.Ү. Биекеновтің қосқан зор еңбегін атады.

Түркі әлемі социологтары Одағының президенті, Стамбұл университетінің профессоры, социология ғылымының докторы Хаяти Тюфекчиоглы өзінің жеделхатында К.Үмбетжанұлын Түркі әлемі мен еуразиялық кеңістіктегі

барлық социологтар қауымдастығының арасында конструктивті қатынастарды қалыптастыруда көп еңбек еткен беделді ғалым деп атаса, Ресей социологиялық ассоциациясының вице-президенті, Федералдық мемлекеттік бюджеттік білім мекемесі, Таулы-Алтай мемлекеттік университетінің әлеуметтік басқару факультетінің деканы академик С.И.Григорьев өзінің құттықтауында ғалымның педагог, тәрбиеші, ұйымдастырушы ретіндегі қызметі тек қана Қазақстанда емес Еуразия әлеуметтануы мен әлеуметтік мәдениетін дамытудағы ерекше құбылыс екендігін айтқан. Мерейтой К.Ү.Биекеновтің шәкірттері профессор Ш.Е.Жаманбалаева және профессор Г.С. Әбдірайымованың ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өткізілді.

Гүлнапис ӘБДІКЕРОВА,

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, социология ғылымдарының докторы

ЛЮБИМЫЙ ПРОФЕССОР!

26 сентября на открытом заседании Ученого совета факультета философии и политологии прошли торжественные поздравления с 80-летним юбилеем доктора исторических наук, профессора, академика Академии социальных наук Михаила Федоровича Пузикова. В большом зале собрались преподаватели и студенты, коллеги с исторического, юридического, биологического и других факультетов, представители других университетов, научных институтов и социологических исследовательских структур.

Было высказано много теплых, уважительных слов признания в адрес М.Ф. Пузикова. В поздравительном адресате ректор КазНУ Г.М. Мутанов отметил, что Михаил Федорович своим достойным трудом, многочисленными работами, участием в образовательной и воспитательной работе, Совете Старейшин университета вносит важный вклад в развитие социологии, патриотическое воспитание молодежи и укрепление родного университета. Проректор по социальному развитию, д.социол.н., профессор Джаманбалаева Ш.Е. подчеркнула, что юбиляр уже полвека тесно связан с КазНУ, является талантливым ученым и педагогом, примером беззаветного служения университету. Как сотрудник университета он вносит важный вклад в улучшение корпоративной культуры и воспитание молодого поколения. От имени факультета его поздравили декан ФФИП А.Р. Масалимова, зав. кафедрой социологии и социальной работы Г.С. Абдирайымова и другие заведующие кафедр. К ним присоединились деканы и профессора других факультетов, а также поздравили коллеги из ЕНУ, КарГУ, ЮКГПИ. Они отметили потрясающую энергию юбиляра, незаурядные организаторские способности, ответственность, открытость, доброжелательность, готовность к сотрудничеству, неоценимый вклад в подготовке высококвалифицированных специалистов и развитии социологии.

Высоко были оценены заслуги М.Ф. Пузикова в продвижении социологической науки, подготовке социологов в поздравительном адресате

Президента Ассоциации социологов Казахстана (АСК), Государственного секретаря РК, д.социол.н., профессора М.М. Тажина. Директор Института философии и политологии МОН РК, Исполнительный директор АСК, профессор З.К. Шаукунова отметила высокий уровень профессионализма и человеческих качеств юбиляра. Имя юбиляра пришли телеграммы Президента Союза социологов тюркского мира Хаяти Тюфекчиоглы, Вице-президента Российской социологической ассоциации С.И. Григорьева, Директора Международного фонда славянской письменности и культуры А.В. Бочкарева.

Выступили и руководители социологических центров. Президент Центра социальных и политических исследований "Стратегия", к.социол.н. Г.Т. Илеуова с благодарностью вспоминала о юбиляре как научном руководителе диссертации. Директор Центра изучения общественного мнения, к.социол.н. Г.Т. Алимбекова вручила подарочный сертификат в поддержку научных изысканий и публикации трудов в размере пятидесяти тысяч тенге.

Михаил Федорович прошел большой, достойный глубокого уважения жизненный путь, каждый этап которого неразрывно связан с историей нашей страны и КазНУ им. аль-Фараби. Хочется пожелать ему крепкого здоровья, долгих лет жизни и творческого долголетия!

Н.У. ШЕДЕНОВА,

д.социол.н., профессор кафедры социологии и социальной работы КазНУ

Неміс Академиялық алмасу қызметінің жетекшілері ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде болды

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ САЯСАТ ДІҢГЕГІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл – ұлттық саясат діңгегі болуы тиіс», – деп атап өткендей, мемлекеттік тілдің елімізде жүйелі түрде дамуына ерекше көңіл бөлінуі керек. Осы тұрғыда Экономика және бизнес Жоғары мектебі «Менеджмент және маркетинг» кафедрасында тіл мәселесін көтерген бірқатар шаралар өтті.

«Тілді шұбарлау – арды шұбарлау» атты жиынды ашқан профессор Ө.Шеденов қазіргі кезде жас ұрпақтың орыстанып бара жатқанын айтып, жастарды ана тілін қорғаштап, сүйе білуге шақырды. Сонымен қатар жастардың көпшілігі қолданатын ғаламтор желісін қазақ тіліне аудару мәселесіне тоқталды. Бұл жөнінде студенттер де өз ойларын ортаға салды. Олар қазіргі күні елімізде төрт мыңға жуық алуан түрлі сайт тіркелгенін, алайда интернет қолданушылар олардың тек үш мыңға жуығын білетіндігін және біздің қазақстандық қолданушылардың басым көпшілігі тек орыс тіліндегі сайттар мен интернет парақшаларды қолданатыны туралы айтты. Студенттер: – Тіл – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес

мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиіс, – деген тұжырымға келді.

Ал, «Мен тілімді сүйемін!» атты кеш барысында «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының ұстаздары – Ж. Томбай, К. Өтепберген, С. Тәжиева, Р. Унербаева, А. Асқаровтар факультет студенттерін ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран етіп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге шақырды. Кеш соңы әсем ән мен көңілді күй орын алған мерекелік концертке ұласты.

Айзада ЖОЛДАСОВА,
«Менеджмент және маркетинг»
кафедрасының студенті

ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Биология және биотехнология факультетінде биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі профессор С. Төлеуханов жетекшілігімен Тілдер апталығына орай «Тіл – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты поэзиялық кеш өтті.

Қазақ тілі – ең бай, көркем, ең таза тілдердің бірі. Қазақтың тілінде оның сайран даласы, көп жылғы тарихы, ұлтымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, сабырлы мінезі көрініс тапқан. Жиында факультет оқытушылары мен студенттері анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді сақтап қалу, келешек ұрпаққа жеткізу тұрғысынан біршама озық ойларымен бөлісті. Сондай-ақ студенттер мен Меруерт Алданова «Мен қазақпын», Әсел Молдабаева «Мен қазақтың қызымын» және Бекжан Бердіқұлов «Таныс», «Сорпылық» атты қара өлең шумақтарын оқыды. Ал Қанат Құлымбет және Бекжан Бердіқұлов күмбірлетіп күй

төкті. Гүлдана Дәулет тіліміздің терең тарихын тілге тиек етіп, мақал-мәтелдер айтып өтті. Осы кешті ұйымдастырған кафедра эдвайзері Г. Атанбаева: «Ұлтын, Отанын, тілін, дінін сүйген адам өз елін, туған жерін, халқын ешқашан да сатпайды. Сондықтан да ата-бабаларымыз асап келген тәуелсіздігімізді сақтау үшін өз тілімізді биікке көтеруге тиіспіз», – деп тұжырымдады.

З.А. АСКАРОВА,
биофизика және биомедицина
кафедрасының доценті,
Наргиза САДЫКОВА,
3 курс студенті

Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз

Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасы 26 қыркүйекте заң, экономика және шығыстану факультеттері студенттерін ұйымдастырып, мерекелік концерт өткізді.

Студенттер концертті үш тілде: қазақ, орыс және ағылшынша жүргізді. Студенттерді туған тілді қастерлей отыра, өзге тілді де үйренуге

тәрбиелеуді мақсат еткен шарада қытай, италия, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әсем әуендер орындалды. Түрлі халықтардың билері қойылды. Әсіресе ана тілі туралы нақышымен оқылған өлең жолдары әркімді де ерекше бір сезімге бөледі.

Б.Н. АҚШАЛОВА,
гуманитарлық факультеттерге
арналған шет тілдер кафедрасының доценті

Ана тілі - жүрек үні

Ана тілі – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгіні және болашағы. Тіл мерекесіне орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде Жидегүл Әбдіжәділқызының ұйымдастыруымен I курс студенттерінің «Ана тілі – жүрек үні» атты әдеби-драмалық кеші өтті. Кешке журналистика факультетінің деканы Ө. Әбдіманұлы, профессор К. Қамзин, А. Мектептегі, Г. Сұлтанбайқызы және 1-3 курс студенттері қатысты.

Әдеби-драмалық кештің шымылдығы айбынды Әнұранмен ашылды. Кеш барысында бүгінгі заман болмысын шағын көрініс еткен сахналық қойылымдар қойылды.

Сондай-ақ жас жүректен жанартаудай лапылдаған жалынды жырлар өсер өркеннің ұлт рухына деген өшпес махаббатының алауындай жарқыл қақты.

Кеш соңы ақындар айтысымен мәреге жетті. Ақындар ана тіліміз бен ұлттық құндылығымыз жайында тың тақырыптарды сөз етісті. Жастардың ұлт құндылығына деген құрметіне дән риза болған К. Қамзин ағынан жарыла ақ батасын берді. Ана тіліміздің мәртебесі мәңгілік асқақтай берсін!

Асыл ЕРЗАТ,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

Тілгі құрметтеу - парыз

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика техникалық факультетінің №1 Студенттер үйінде «Тіл - тәуелсіздік тірегі» атты мерекелік кеш өтті.

Аталмыш шара Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының 20 сессиясында айтылған Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламаның жобасын талқылауға және студенттердің бойындағы тілге деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға арналды. Мемлекет басшысы: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек», – деген болатын.

Студенттер тіл мәселесі төңірегінде өз пікірлерін ортаға салды. Кешті ұйымдастырған жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұстаздары Кантай Есеналина, Эльмира Зулбухаровалар ана тілін құрметтеу әр азаматтың қасиетті парызы екендігін айтты.

Сонымен қатар студенттер ана тілінде жалынды жыр оқып, мың бұрала би биледі.

Айжан КУЙКАБАЕВА,
жылуфизика және техникалық
физика кафедрасының оқытушысы

Қазақ тілі – егемендігіміздің басты белгісі

Мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын кеңейту мәселесі бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін аса маңызды. Осы тақырыпта заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы 25 қыркүйек күні №18 жатақханада студенттермен кездесу өткізді.

Қазақ ұлты, қазақ тілі – Қазақстан Республикасы мемлекеттігінің басты белгісі. Біздің еліміз Қазақстан қазақ елі болғандықтан, оның тілі – мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесін 1989 жылы 22 қыркүйекте иеленген болатын. Егемен ҚР Конституциясында ол конституциялық тұрғыда бекітіліп, халықаралық деңгейде танылып, мойындалды.

70 жыл шегінде орыс тілінің көлеңкесінде қалып, тарихи тұрғыда өзінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәнінен айырылуға шақ қалған қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытып, оның мемлекеттік тіл есебіндегі конституциялық-құқықтық мәртебесін іс жүзінде қалпына келтіру – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе. Заң тұрғысынан алғанда мемлекеттік тіл – бұл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу

және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің шынайы түрде осындай сипатта болуына қол жеткізу үшін біз қазақ тілінде ойлап, сөйлей және жаза білетін қоғамды қалыптастыруымыз, соған әрқайсысымыз ат салысуымыз керек. Мемлекеттік тілді – қазақ тілін сүю, құрметтеу, оны дамытуға үн қосу Қазақстан қоғамының әрбір азаматының санасына сіңген парыз, міндет болуы керек.

Кездесу барысында заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы Қазақстанның ертеңгі болашағы – бүгінгі студенттерге мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің мәртебесінің конституциялық бекітілуін түсіндірумен қоса, мемлекеттік тілді қажетті деңгейде игерудің маңызын, оның қажеттігін түсіндіріп, отансүйгіш азамат ретінде мемлекеттік тілді ары қарай дамытуға өзіндік үлес қосуын, қазақ тілінің жанашыры болуын аманат етті.

Айгерім ЖАРБОЛОВА,
мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік
құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.



Замана тудырған шығарма

«Ақылдан азап» – орыс реализмінің жетістігін танытатын тамаша туынды. Ондағы тартыстың өткірлігі мен тереңдігі, кезең шындығын әйгілейтін саяси деректердің молдығы, драмалық әдіс-тәсілдердің жаңалықты қырлары, кейіпкерлердің жарқын бейнелері мен тіл көркемдігі А.С.Грибоедовтың атақты комедиясын орыс әдебиетіндегі үздік шығармалар қатарына қосуға мүмкіндік береді. Драматург өз туындысына Отан соғысынан (1812 ж) кейінгі кезеңнің мән-жайын ашуға септігі тиер қоғамдық-саяси топтардың, яғни ескі мен жаңаның күресін арқау етеді. Ол «Ақылдан азапта» дворяндар қауымынан қол үзіп, әділетсіздікке қарсы майдан ашқан интеллигенция өкілдерінің бейнесін сомдады. А.С.Грибоедов ақиқат өмірден алдыңғы қатардағы озық ойлы қаһарманды көре білді.



«Ақылдан азапта» кейіпкерлердің мұрат-мақсат жолындағы тартыстары бірінші кезекке шығады. Бұған дейінгі комедия үлгілерінде мінез, талғам қайшылықтары мен әлеуметтік қақтығыстар жиі ұшырасатын.

Тіпті сұлу қыздың ықыласын аудару үшін бәсекеге түскен жігіттер арасындағы дәстүрлі тартыстың өзі мұнда басқа түрге көшіп, кейіпкерлердің ақыл-ой сайысына ауысады. Чацкий «қарсыластар» қатарына қоспайтын шолақ ойлы Молчалин жүріп-тұру қағидалары туралы ұғым-түсінігін дамыта отырып, атақ-дәрежесі бар адамға құлдық ұру жалпыға ортақ моральдың өзегі деп біледі. Бас кейіпкер Чацкий Софьяның Молчалинді ұнатып қалуы мүмкін дегенге сенгісі келмейді. Өйткені оның ойынша, білім деңгейі мен адами болмысы мүлде үйлеспейтін жандар ешқашан бір шаңырақтың астында тұра алмайды. А.С.Грибоедовтың өзі сөз жоқ, жан-тәнімен түгелдей Чацкийді қолдайды және пьесасын соның толық моральдық жеңісімен аяқтайды.

А.С. ГРИБОЕДОВ. ГОРЕ ОТ УМА (ОТРЫВОК)

Пускай меня объявят старовером,
Но хуже для меня наш Север во сто крат
С тех пор, как отдал всё в обмен на новый лад -
И нравы, и язык, и старину святую,
И величавую одежду на другую
По шутовскому образцу:
Хвост сзади, спереди какой-то чудный выем,
Рассудку вопреки, наперекор стихиям;
Движенья связаны, и не краса лицу;
Смешные, бритые, седые подбородки!
Как платья, волосы, так и умы коротки!..

Отрывок «А судьи кто?»

А судьи кто? - За древностию лет
К свободной жизни их вражда непримирима,
Сужденья черпают из забытых газет
Времен Очаковских и покоренья Крыма;
Всегда готовые к журьбе,
Поют все песнь одну и ту же,
Не замечая об себе:
Что старее, то хуже.
Где, укажите нам, отечества отцы,
Которых мы должны принять за образцы?
Не эти ли, грабительством богаты?
Защиту от суда в друзьях нашли, в родстве,
Великолепные соорудя палаты,
Где разливаются в пирах и мотовстве,
И где не воскресят клиенты-иностранцы
Прошедшего житья подлейшие черты.
Да и кому в Москве не зажимали рты
Обеды, ужины и танцы?
Не тот ли, вы к кому меня еще с пелен,
Для замыслов каких-то непонятных,
Дитёй возили на поклон?
Тот Нестор негодяев знатных,

Толпою окруженный слуг;
Усердствуя, они в часы вина и драки
И честь и жизнь его не раз спасали: вдруг
На них он выменил борзые три собаки!!!
Или вон тот еще, который для затей
На крепостной балет согнал на многих фурах
От матерей, отцов отторженных детей?!

Сам погружен умом в Зефирах и в Амурах,
Заставил всю Москву дивиться их красе!
Но должников не согласил к отсрочке:
Амуры и Зефиры все
Распроданы поодиночке!!!
Вот те, которые дожили до седин!
Вот уважать кого должны мы на безлюдьи!
Вот наши строгие ценители и судьи!
Теперь пускай из нас один,
Из молодых людей, найдется - враг исканий,
Не требуя ни мест, ни повышения в чин,
В науки он вперит ум, алчущий познаний;
Или в душе его сам Бог возбудит жар
К искусствам творческим, высоким и прекрасным,
Они тотчас: разбой! пожар!
И прослышет у них мечтателем! опасным!! -
Мундир! один мундир! он в прежнем их быту
Когда-то укрывал, расшитый и красивый,
Их слабодушие, рассудка нищету;
И нам за ними в путь счастливый!
И в женах, дочерях - к мундиру та же страсть!
Я сам к нему давно ль от нежности отрекся?!
Теперь уж в это мне ребячество не впасть;
Но кто б тогда за всеми не повлекся?
Когда из гвардии, иные от двора
Сюда на время приезжали, -
Кричали женщины: ура!
И в воздух чепчики бросали!

А. С. Грибоедов «Горе от ума»

Комедия Александра Сергеевича Грибоедова «Горе от ума» и сегодня продолжает волновать сердца людей. Как говорил А. Блок, она - «до сих пор неразгаданное и, может быть, величайшее творение всей нашей литературы», а ее автор, homo unius libri, воспринимается как одна из трагических личностей своего времени, непонятая до конца обществом и не нашедшая применения своим недюжинным способностям и дарованиям. Пушкин, услышав о трагической гибели Грибоедова в Тегеране, воскликнул: «Какая героическая, прекрасная смерть!» и через шесть лет после смерти драматурга сетовал, что некому написать его биографию: «...замечательные люди исчезают у нас, не оставляя по себе следов. Мы ленивы и нелюбопытны...». Современники говорили о нем как об оригинальной и незаурядной натуре, отмечали его остроумие и разные грани его таланта: поэт, писатель, драматург, музыкант, дипломат, полиглот, экономист, но не имели полного понятия о действительной духовной жизни этого человека. Мифы о роковой «загадочности», непроницаемой «тайне судьбы» Грибоедова прямым образом повлияли и на судьбу одного из героев его комедии – Александра Андреевича Чацкого. Неслучайно в ряду прототипов этого персонажа сам автор занимает одно из первых мест наряду с Петром Яковлевичем Чаадаевым, Вильгельмом Карловичем Кюхельбекером и Байроном...



«...всем умным – горе от ума»

Сама комедия, названная первоначально «Горе уму», была создана по классицистическому канону, хотя Грибоедов сплошь и рядом сознательно нарушает его. Вместо бытовой, любовной комедии он создает высокую, политическую комедию, поднимает актуальные и злободневные проблемы, не утратившие своего значения и по сей день. Главный конфликт – противостояние личности и «толпы», трактуемый долгое время в духе декабристской идеологии, также принадлежит к «вечным»: как говорил Гельвеций, «умный человек часто слывет сумасшедшим у того, кто его слушает, ибо тот, кто слушает, имеет перед собою альтернативу считать или себя глупцом, или умного человека сумасшедшим, - гораздо проще решиться на последнее». Правда, сам драматург назвал своего героя иначе: «В моей комедии 25 глупцов на одного здравомыслящего человека», «миллион терзаний» которого и определяет сюжетный ход действия.

Вопрос «Умён ли Чацкий?» стоит на первом плане и до сих пор невозможно найти однозначный ответ. Тема ума начинается звучать еще до появления Чацкого. Софья («мудрость») именно этим качеством измеряет своих «женихов»: «и вкрадчив, и умён», «в бедности рожден» (о Молчалине), «он слова умного не выговорил с роду» (о Скалозубе), «остер, умён, красноречив» (о Чацком). И будущий конфликт также заключен в ее словах, выражающих обиду на Чацкого: «Зачем ума искать и ездить так далеко?», поэтому не совпадают пылкость, искренность, восторг от встречи Чацкого, вернувшегося к любимой им умной девушке, и ее холодность, неприязненность, плохо скрытое смущение и даже раздражение.

Недоумевающий Чацкий не в меру говорлив, простодушен, сам смущен таким приемом, и поэтому невзначай вдруг вспоминает Молчалина:

«Что я Молчалина глупее?», и далее, пытаюсь разрядить обстановку, на лету дает остроумную, убийственно-уничтожительную характеристику Молчалина, заключив, что «...впрочем, он дойдет до степеней известных,

Ведь нынче любят бессловесных». Этот выпад ничего не понимающего в происходящем героя и является завязкой нравственно-психологического конфликта между ним и Софьей. Для Чацкого глупость заключается именно в бессловесности, позже сам Молчалин признается: «Не смею моего сужденья произнести», то есть глупость здесь – не столько интеллектуальная, сколько нравственная оценка: бессловесность, безликость, с точки зрения Чацкого, делают человека абсолютно неинтересным, несостоятельным. А Софью ум в комплексе с робостью привлекает, объясняет она это тем, что ее герой «в бедности рожден», и отстаивает свое право на такое мнение. Поэтому она и становится главным противником Чацкого. И сложность ситуации в том, что каждый из них по-своему прав: оба

защищают свою любовь и свою систему ценностей.

И все «глупости», которые приписывают Чацкому, вытекают из сюжетной ситуации: у него – одна тема и забота («об Софье Павловне»), он переполнен эмоциями («Спешил!.. летел! дрожал! вот счастье, думал, близко»), а в ответ – холодность Софьи и деловая хватка ее отца. И он начинает дела «глупости», дерзить Фамусову, говорить о высоких материях с людьми, заведомо неспособными его понять...Грибоедов показывает, что глупости делают не только глупцы, но и умные люди - по разным причинам, в разных обстоятельствах, сами же потом казнят себя за это, то есть наглядно показывает, как Чацкого провоцируют...

Драматург в одном из писем признается, что «кто-то со злости выдумал об нем, что он сумасшедший, никто не поверил, и все повторяют», и дает понять, что это Софья мстит человеку, ставшему для нее причиной «ужасного расстройства», сокрушающему ее планы, дискредитирующему ее избранника и ее любовь. Она наносит ему такой болезненный, такой точный и сокрушительный удар, потому что лучше всех знает и понимает Чацкого, который именно в ее глазах жаждет выглядеть умным, признается, что сейчас у него «ум с сердцем не в ладу» и называет свою любовь к ней «сумасшествием»: «от сумасшествия могу я остеречься». И она великолепно воспользовалась возможностью выразить метафорически свою досаду, обиду («он не в своем уме»), позволила «толпе» превратить метафору в диагноз: «А, Чацкий! Любите вы всех в шуты рядить, Угодно ль на себя примерить?».

Именно Софья провоцирует Чацкого на балу, усиливает его «миллион терзаний», усугубляет нелепость положения. Поэтому Чацкий и переживает сильнейшее потрясение, когда поймет, кто был его главный «соперник» и недоброжелатель, с кем он вслепую вел борьбу и заведомо был обречен на поражение: «Так этим вымыслом я вам еще обязан?»...Но больше его расстраивает и оскорбляет сделанный ею выбор: «Боже мой! кого себе избрали? Когда подумаю, кого вы предпочли!». Возникает резонный вопрос: умён ли Чацкий? Ведь Софья же ему говорила о своем отношении к Молчалину, обосновала свой выбор, а он не поверил едва ли не прямым ее признаниям. Наверное, это и есть та глупость, на которую способен и умный человек, ослепленный любовью...


Чацкий – не идеальный герой, он не раз говорит и делает глупости, но мы понимаем, что эти глупости - органическая составляющая его ума, бескорыстного, масштабного, дерзкого, направленного к сути вещей и явлений, а не к извлечению личной выгоды из них.

Э.Т. КАКИЛЬБАЕВА,

к.ф.н., доцент
кафедры русской филологии,
русской и мировой литературы

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

4 қазан философия және саясаттану факультетінде Ұстаздар күніне арналған факультетішілік мерекелік кеш өтеді



Қуанәлі Алмасбекұлы Қытай Халық Республикасы Іле аймағындағы Күнес ауданында дүниеге келген. 2010 жылы атажұртқа оралып, 2011 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетіне оқуға түседі. 2010 жылы Кентау қаласында өткен «Махаббат мәңгі жыр» атты жыр мүшәйрасының жүлдегері, Әзілхан Нұршайықовтың 90 жылдығына арналған байқаудың 1-орын жеңімпазы. Сондай-ақ университет және факультет көлемінде өткен жыр мүшәйраларының жүлдегері. Бүгін сіздердің назарларыңызға Қуанәлінің жеке шығармашылығынан өлең-жырларын ұсынып отырмыз.

Жыңғыл

ҚҰМ ҚЫЗЫ

Жанымның айнасын жел үрлеп,
Жоғалтар тозаңның соңғы ізін.
Оңаша отырам күбірлеп,
Ойыма оралтып Құм қызын.

Шырайлым, гүліндей қырлардың,
Сүмбіле жүзіңмен елтесің.
Сен үшін мен әлі жырлармын,
Қорқыттың туылған өлкесін.

Жас моншақ жанарға асылып,
Әнімді елжіреп тыңдар кім?
Құдай да қояды жасырып,
Асылын ішіне құмдардың.

Жалыны лаулаған жастығым,
Сүйінші сұрардай Айдан да.
"Өргенде қосылмас қос бұрым,
Қосылып кетер деп жайғанда"

Әуені жоғалмас әр жылдар,
Аруын аялар күймелі.
Бұрымың секілді тағдырлар,
Таусылып кетпесе игі еді.

Жанымның айнасын жел үрлеп,
Жоғалтар тозаңның соңғы ізін.
Тулармын мен әлі теңіз боп,
Сағынып бал мінез Құм қызын.

АҚ БҰЛТ

Қаңсық аспанды қақ тіліп,
Аулыма менің соға кет
Адасып көшкен ақ бұлт.

Түзедің қайда бетіңді?
Барасың тамбай белдерге.
Үйірлі Құлан секілді,
Шөліккеп жортқан шөлдерде.

Бір тамбай кетсең ұят-ты,
Ауылдан жүрсің сан өтіп.
Сәбилі ана сияқты,
Көк белдер қалар дәмепіп.

Соға кет менің аулыма,
Сарқырап сайды тұр сел ғып.
Қоңырда жүрген әкемнің,
Көңілі қалсын бір сергіп.

* * *

Жұматай жырының Ләйләсі ме едің,
Меңіреу етер ұйқы ұрлап.
Жаз өмірдің жаймасы ме едің,
Жылқы айдап жүрер қиқулап.

Маңғаз ойдың маржаны ме едің,
Көрікке салып үрленген.
Бұл ғасырдың Тоғжаны ме едің,
Тотықұс болып түрленген.

Гүлзарлы бақтың бұлбұлы ме едің,
Үніне дала исінген.
Заңғарға біткен шың гүлі ме едің,
Шырайын жалғыз күн сүйген..

Төлеген арман жайықтан көрген,
Хас сұлу ме едің әлемде.
Періште ме едің ғайыптан келген,
Сен әлде...

ЖЫҢҒЫЛ

Өсетін бір топ жыңғылдар,
Үй астындағы түбекте.
Мінетін ат қып «жынды ұлдар»,
Ақ шытын байлап білекке.

Елесі қалып әр жылдың,
Өзгертті көңіл-алқапты.
Базары еді бал күннің,
Бұл кезде бәрі тарқапты.

«Жыңғылмен» - дейтін: «мал ұрма»,
Сындырып келсем үйге көп.
Әкенің қатал «заңына»,
Бойсынбау деген мүлде жоқ.

Қатты ағаш дейтін жыңғылды,
Сұрасам оның мәнісін.
Ол шақта, сірә, кім білді?
Бұл шақта рас бәрі шын.

Отырам кейде ойға қап,
Шарлайды санам сан-сақты.
Жыңғылдай қатты күндерім,
Жымқырып келеді жан-жақты...

МЕЗГІЛ ӘНІ

Суретін салып мезгілдер,
Кетті алыс іздеп мекенін.
Әр сызық маған тұрды айтып,
Өмірдің шимай екенін.

Айтатын сырым көп еді,
Айта алмай бірақ жасқандым.
Өзінің болмай дегені,
Жанары сынық жас талдың.

Аспанның мұңлы түрені,
Салады әнін құс қандай?
Көктемгі гүлдің реңі,
Көзімнен бал-бұл ұшқандай.

Қаздардың мініп қанатын,
Барады-тағы жыл аунап.
Мінезі Түлкі секілді,
Мекенсіз мезгіл жүр алдап.



ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!!!

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАМЕЩЕНИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ДИРЕКТОРА НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ

КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ:

1. высшее библиотечное образование;
2. стаж библиотечной работы - не менее 5 лет.

ТРЕБОВАНИЯ К КАНДИДАТАМ

Знание:

1. теории библиотекведения и библиографии;
2. передового опыта работы отечественных и зарубежных библиотек;
3. основ экономики, организации труда и управления;
4. основ трудового законодательства;
5. правил по охране труда, технике безопасности и противопожарной защите;
6. современных IT-технологий в сфере библиотечной работы.

СРОК ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ - ДО 1 НОЯБРЯ 2013 ГОДА

ПЕРЕЧЕНЬ НЕОБХОДИМЫХ ДОКУМЕНТОВ:

1. заявление на имя ректора университета;
2. личный листок по учету кадров;
3. автобиография;

4. нотариально заверенные копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени (при наличии);
5. список научных работ и изобретений (при наличии);
6. анкета;
7. характеристика с последнего места работы;
8. копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии);
9. медицинская справка формы №086 и снимок флюорографии.

Претендентам необходимо разработать концепцию развития библиотеки, подготовить презентацию. Ознакомиться с инфраструктурой и работой библиотеки можно в рабочие дни с 9.00 до 18.00 ч.

Документы принимаются по адресу:
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, каб. №706 - 707, с 9.00 до 18.00 ч.
(Управление кадровой и архивной работы)

Телефоны для справок:
8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (вн. №11-70, 11-72), факс: 377 33 44

В КазНУ провели традиционный праздник «Посвящение в студенты», где приняли участие около 5 тыс. первокурсников

Басы 1-бетте

НҰР ЖАУҒАН КҮН...



Ал, "Студенттік билетті" университетіміздің бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев экономика және бизнес жоғары мектебінің 1 курс студенті Әйгерім Ермұхаметова мен халықаралық қатынастар факультетінің 1 курс студенті Иманғали Ысқаққа салтанатты түрде табыстады.

Қабылдау кешінде ҚазҰУ - «Спорт жанашыры», «Білім кемесі», «Жастар қолдаушысы» сынды көрсетілімдер де қалыс қалмады. Сонымен қатар ҚазҰУ

дипломының өзіндік сапа кілті екендігін айшықтайтын басқа да көріністер мен театрландырылған би қойылымдары, студенттік хор, оркестрмен сүйемелденген қазақтың көңілашар күйлері мен ҚазҰУ-дың әнұраны жиналған жұртқа ерекше рух сыйлады. Кеш соңы алғашқы студенттік вальс пен еліміздің өнер жұлдыздары қатысқан концертке ұласты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



Мұқағали АЙТҚҰЛОВ,
биология және биотехнология
факультетінің 1 курс студенті:

-Бүгінгі кеш мен үшін сөзсіз ерекше. Жаңа өмірдің есігі ашылғандай. Жаңа орта, жаңа достар және жаңа оқытушылар. Барлығы да жақсылыққа басталған ашық жол. Міне, бүгін сол жолға салтанатты келісім берілген күн деп түсінемін. Әсем Алматыда ҚазҰУ-дай білім ордасында мемлекеттік грант бойынша білім алатыныма қуаныштымын. Елімнің ең білгір маманы болу – ендігі менің мақсатым!

Айым ЭРНЕТҚЫЗЫ,
география және табиғатты пайдалану
факультетінің 1-курс студенті:

-Студенттік қатарға қабылдау әрбір жүрекке жатталатын шақ екені даусыз.

Менің де жүрегім бұл жолы өзгеше сезімге бой алдырып тұр. Бұл болашаққа деген жүрек лүпілі деп түсінемін.

ҚазҰУ-дың «Өнер символының» маған жүктелуін үлкен мақтаныш етемін. Ендігі мақсатым – республикалық өнер байқауларына қатысып, ҚазҰУ-дың абыройын арттыру және оқу ордамның білгір білімгері, білімді маманы болу.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Фототілші – Мамыржан БОТАБЕКОВ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында
(Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 11 018

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.